

Қазынашылық облигациялар	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
АҚШ 10 ж.	4,21	-	3	7
Қазақстан 10 ж.	15,65	-	6	54
Gilt, 10 ж.	4,51	-	1	10
Bund, 10 ж.	2,85	-	0	4

Money market indices	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
SOFR	3,65	-	3	0,0
EUORDEPO	1,89	-	1	1
TONIA	17,32	-	302	32
TWINA	17,44	-	266	38
SWAP-1D (USD)	12,52	-	179	183
SWAP-2D (USD)	12,27	-	120	155

Credit spreads (OAS)	Мәні	Апталық өзгеріс*	Айлық өзгеріс*	Жылдық өзгеріс*
US HY (LF98TRUU Index)	293,85	-	639	1 059
US IG (LUACTRUU Index)	75,04	-	152	240
EM HY (BEBGTRUU Index)	325,83	-	442	1 466
EM IG(I04276US Index)	87,59	-	198	22

Өткен аптадағы МБҚ орналастырылуы

ISIN	Тикер	Күні	Шығарылу м көлемі, млн тг	Кірістілік, %	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
ЅZKD00001319	MUM072_0016	03.02.2026	54 500	15,18%	15,18	2 160 (6)
KZK100000431	MKM012_0162	03.02.2026	28 698	16,21%	-	365 (1)
KZKT00000040	MTM072_0001	03.02.2026	32 738	16,09%	1,20	1 005 (3)


Алдағы МҚБ орналастырулары

ISIN	Тикер	Күні	Жарияланған көлем, млн тг	Купон, %	Өтелуіне дейінгі мерзім (жыл)
KZKD00000717	MUM180_0009	10.02.2026	40 000	7,22	1 020 (2,8)
KZK100001194	MUM180_0016	10.02.2026	60 000	11,05	3 948 (11)
KZKD00000857	MUM300_0003	10.02.2026	60 000	8,37	5 056 (14)


Негізгі мөлшерлемелер

Ел / аймақ	Негізгі мөлшерлеме	Шешім қабылданған күн	Келесі отырыс күні
АҚШ	3,75%	28.01.2026	18.03.2026
ЕОБ	2,15%	05.02.2026	18.03.2026
Қазақстан	18,00%	26.01.2026	06.03.2026

МБҚ бойынша SPOT қисығы



US Treasury Yield Curve



Fixed income

US Treasuries. Қарастырылып отырған кезеңде АҚШ-тың қазынашылық облигациялар нарығында табыстылықтың аралас динамикасы байқалды, оған макроэкономикалық деректер, ФРЖ шешімдеріне қатысты күтулер және қор нарығындағы көңіл күй әсер етті. Аптаның басында облигациялар табыстылығы тұрақты деңгейде қалып, инвесторлардың қалыпты белсенділігін және нарықта күрт ауытқулардың болмауын көрсетті. Аптаның ортасына қарай табыстылықтың өсуі байқалды, бұл қор нарығындағы көңіл күйдің нашарлауына байланысты қорғаныш активтеріне сұраныстың төмендеуімен, тәуекел үшін сыйақының артуымен және инфляциялық тәуекелдерге байланысты ФРЖ пайыздық мөлшерлемелерді жоғары деңгейде ұзақ уақыт сақтауы мүмкін деген күтулермен түсіндірілді. Аптаның соңына таман экономикалық деректердің әлсіреуі аясында — жұмыстан босатулар санының күрт өсуі және бос жұмыс орындарының азаюы нәтижесінде — пайыздық мөлшерлемелердің төмендеуі жөніндегі күтулер күшейіп, бұл облигациялар табыстылығының төмендеуіне алып келді. 2 жылдық және 10 жылдық облигациялар табыстылықтарының айырмасы 70 базистік пункттен асып, соңғы төрт жылдағы ең жоғары деңгейге жетті, бұл экономиканың әлсіреу факторлары мен инфляциялық тәуекелдердің қатар әсерін көрсетті. Аптаның жабылуы қор нарығындағы құбылмалылық пен ірі технологиялық компаниялардың жасанды интеллектті дамытуға бағытталған ауқымды капиталдық шығындарына қатысты инвесторлардың алаңдаушылығы аясында қорғаныш активтеріне сұраныстың артуымен сипатталды.

Корпоративті облигациялар. АҚШ-тың жоғары табысты облигациялары (US HY) сегментінде табыстылықтың ең айқын кеңеюі байқалды, бұл аталған нарыққа қысымның күшейгенін көрсетеді. АҚШ-тың инвестициялық деңгейдегі облигациялары (US IG) секторында табыстылықтағы өзгерістер мардымсыз болды, бұл осы сегменттің тұрақты әрі қорғаныш сипатын айқындайды. Дамушы нарықтардың жоғары табысты облигациялары (EM HY) сегментінде табыстылықтың едәуір төмендеуі тіркеліп, ол қалыпты оң жиынтық табыстылықпен қатар жүрді. Бұл аталған қағаздардың инвесторлар үшін тартымдылығының артқанын көрсетуді мүмкін. Дамушы елдердің инвестициялық деңгейдегі облигациялары (EM IG) сегментінде табыстылық орташа деңгейде кеңейгенімен, жиынтық табыстылық оң аймақта қалды. Бұл тәуекел мен табыстылықтың теңгерімді үйлесімін көрсетеді.

МБҚ нарығы. Өткен аптада Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жалпы көлемі 116 млрд теңгені құрайтын мемлекеттік бағалы қағаздардың 3 шығарылымын орналастырып, жоспарланған орналастыру көлемін толық орындады. Соңғы шығарылымдар бойынша негізгі сатып алушылар екінші деңгейлі банктер болды, олардың үлесіне орналастырылған көлемнің 100%-ы тиесілі. Алдағы аптада Қаржы министрлігі жалпы сомасы 160 млрд теңгеге тең мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру бойынша 3 аукцион өткізуді жоспарлап отыр.

Кірістілік пен спредтердегі өзгерістер



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
 Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Қор индекстері	Мәні, теңге	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
АҚШ			
S&P 500	6 932,30	-0,10%	16,7%
NASDAQ	23 031,21	-1,84%	-0,9%
DJIA	50 115,67	2,50%	18,2%
CBOE Volatility Index (VIX)	17,76	1,83%	10,1%
Еуропа			
FTSE 100	10 369,75	1,43%	4,2%
DAX	2 105,20	0,92%	1,4%
Азия			
Hang Seng	26 559,95	-3,02%	0,8%
Nikkei 225	54 253,68	1,75%	38,0%
Shanghai SE	4 065,58	-1,27%	2,4%
Қазақстан			
KASE	7 560,91	-1,84%	33,2%

Валюта	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	494,25	-1,67%	-2,5%
RUB/KZT	6,40	0,00%	0,0%
CNY/RUB	10,79	2,31%	-1,8%
EUR/USD	1,18	-0,27%	0,8%

Тауар-шикізат нарықтары	Мәні	Апталық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Brent (USD/BBL)	68,1	-3,73%	12,0%
WTI (USD/BBL)	63,6	-2,55%	10,9%
Золото (USD/OZS)	4 951,2	5,03%	14,8%

Алдағы аптаның жарияланымдары		
Күні	Ел	Жарияланым
Сейсенбі, 10 ақпан	АҚШ	өлшек сауда көлемі (айлық өзгеріс, желтоқсан)
Сәрсенбі, 11 ақпан	АҚШ	Орташа сағаттық жалақы (айлық өзгеріс, қаңтар)
	АҚШ	Жұмыссыздық деңгейі (қаңтар)
Бейсенбі, 12 ақпан	АҚШ	Жұмыссыздық бойынша алғашқы өтімдер
	Еуроаймақ	ЕОБ өкілі Лейннің сөзі
Жұма, 13 ақпан	АҚШ	Тұтыну бағаларының индексі (айлық өзгеріс, қаңтар)

Әлемдік қор нарықтары

Қор нарықтары сауда аптасын әркелкі динамикамен аяқтады. S&P 500 индексі 0,10%-ға төмендеп, 6 932,30 пунктті құрады; Nasdaq Composite 1,84%-ға төмендеп, 23 031,21 пунктке жетті, ал өнеркәсіптік Dow Jones 2,50%-ға өсіп, 50 115,67 пункт деңгейінде жабылды.

Кезеңнің басында инвесторлар Дональд Трамптың Кевин Уоршты ФРЖ төрағасы қызметіне ұсыну туралы мәлімдемесіне котировкалардың төмендеуімен жауап берді, бұл болашақ ақша-несие саясатына қатысты белгісіздікті күшейтеді. Қосымша қысым өндіруші бағалары индексінің күтпеген өсімімен байланысты болды, бұл инфляциялық тәуекелдерге қатысты алаңдаушылықты арттырды. Нәтижесінде бағалы металдар мен тау-кен компанияларының акциялары төмендеді, ал Apple, Chevron, Exxon Mobil және Deckers Outdoor секілді жекелеген технологиялық және өнеркәсіптік компаниялардың акциялары оң корпоративтік жаңалықтар аясында өсті.

Аптаның ортасында нарық қайтадан әркелкі динамика көрсетті. Жасанды интеллекттің компаниялардың бизнес-модельдеріне ықпалына қатысты алаңдаушылық технологиялық секторға, әсіресе Nvidia, Microsoft және Alphabet акцияларына қысым жасады. Сонымен қатар Palantir мен Walmart күшті қаржылық есептілік пен тұтынушылық сектордағы тұрақты сұраныс аясында өсім көрсетті. Шикізат нарықтарында мұнай бағасы АҚШ пен Иран арасындағы келіссөздерді күту аясында құбылып отырды, ал бағалы металдар соңғы тарихи өсімнен кейін күрт түзетілді.

Аптаның соңына қарай қор нарығы тұрақтанып, өсім көрсетті. Бұған оң корпоративтік есептер және Nvidia бастаған микрочип өндірушілерінің, сондай-ақ Caterpillar сияқты өнеркәсіптік компаниялардың акцияларына деген қызығушылықтың қалпына келуі ықпал етті. Сонымен қатар Amazon мен Alphabet компанияларының жасанды интеллект жобаларына арналған капиталдық шығындарды едәуір арттыру жоспарларына байланысты технологиялық секторға қатысты сақтық сақталды. Криптовалюта нарығы да алдыңғы шығындарды өтеп, биткоин бағасы \$71 000 асып, тәуекелді активтерге деген қызығушылықтың қайта жандануын көрсетті.



Мұнай

Өткен аптада Brent маркалы мұнайдың бағасы 3,7%-ға төмендеп, барреліне 68,05 АҚШ долларына жетті. Америкалық WTI маркалы мұнай да 2,5%-ға арзандап, барреліне 63,55 АҚШ долларын құрады.

Қарастырылып отырған кезеңде мұнай нарығында жоғары құбылмалылық сақталды, оның негізгі себептері геосаяси факторлар және АҚШ пен Иран арасындағы келіссөздерге қатысты күтулер болды. Аптаның басында WTI маркалы мұнай фьючерстері қымбаттап, бұл АҚШ-тың Иранға қатысты қысымының сақталып отырғанын көрсетті. Алайда Дональд Трамптың Иран Вашингтонмен «байыпты келіссөздер жүргізіп жатыр» деген мәлімдемесінен кейін мұнай бағасы шамамен 5%-ға төмендеді, себебі қысқа мерзімді геосаяси тәуекелдер азайды.

Аптаның ортасына қарай геосаяси тәуекел үшін сыйақының әлсіреуі аясында мұнай бағасы біртіндеп төмендей берді: инвесторлар Түркияда өтуі мүмкін ядролық келіссөздер қарсаңында шиеленістің бәсеңдеуін күтті. Кейінірек АҚШ әскери күштерінің ирандық ұшқышсыз ұшу аппаратын атып түсіруі туралы хабарлардан соң котировкалар күрт өсіп, жеткізілімдердің бұзылуы мүмкін деген қауіптер мен геосаяси тәуекелдер қайта күшейді.

Кезеңнің соңына қарай мұнай бағасы қайта төмендеді: АҚШ пен Иран келіссөздерді жалғастыруға ниетті екенін мәлімдеп, бұл нарықтағы шиеленісті азайтып, котировкалардың шамамен 1%-ға төмендеуіне әкелді. Жалпы алғанда, нарық геосаяси сипаттағы жаңалықтарға тез әрі өткір реакция көрсетті, ал мұнай бағасының динамикасы эскалация мен дипломатиялық реттеу әрекеттері арасындағы тепе-теңдікті айқын бейнеледі.



Centras Securities Telegram-арнасына жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

АҚ “Сентрас Секьюритиз” • Алматы, 050008, Манас к., 32А • тел.: (727) 259 88 77 • www.cesec.kz • info@centras.kz

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ “Сентрас Секьюритиз” -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ “Сентрас Секьюритиз” тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты “Сентрас Секьюритиз”-тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ “Сентрас Секьюритиз”, оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ “Сентрас Секьюритиз”-тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.